Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 жарлығымен бектілген «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалдыбағдарламасыніскеасыружөніндегііс-қимылжоспарының77тармағы1-4сынып оқушыларына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31

қазандағы №598 бұйрығына сәйкес білім беру мекемелерінде 5-11 сынып жекеленген санаттары бойынша 1 мезгіл тегін ыстық тамақпен қамту жұмысы ұйымдастырылды. 1-4 сынып оқушылары бойынша 1 мезгіл тегін ыстық тамақпен қамту жұмысы ұйымдастырылды. 1-4 сынып оқушылары бойынша 189 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 5-11 сынып жекеленген санаттары бойынша 42 оқушыға ыстық тамақпен қамтылды. Демеушілер тарапынан «1 маусым – Балаларды қорғау» күніне орай мерекелік шараға қатысқан 80 балаларға тәтті балмұздақтаратылған. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» №591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019 ж. №240-VI) негізге ала отырып, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік «Тәртіп сақшылар» тобы құрылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» №18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі мақсатында 2022-2023 оқу жылы бойынша-23 сынып жетекшісі, 2023-2024 оқу жылы бойынша-23 сынып жетекшісі, 2023-2024 оқу жылы бойынша-24 сынып жетекшісі тағайындалған. 2023 жылдың 01 қыркүйектегі мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» №319 бұйрығы негізінде класс жетекшілер, 2023 жылдың 1 қыркүйектегі мектеп директорының «Бірлестік жетекшісі тағайындау туралы», №325 бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Сақауова Роза Айдынгалиевна тағайындалған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған. Қазақстан Республикасы ЖШС «Өрлеу-РК», оқу орталығы «Буллинг – себептері, формалары, алдын алу» біліктілікті арттыру курсы 29.08.2023 жылы мектебіміздің 7 класс жетекшісі, психолог өз біліктіліктерін арттырып, сертификатпен марапатталды.

Оқу жылы	Сынып жетекшілердің сапалық құрамы	Жоғары білімді	Арнаулы
2022-2023	23	23	0
2023-2024	22	22	0
2024-2025	23	23	1

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Оқу жылы	Педагог-зерттеуші	Педагог – сарапшы	Педагог-модератор	Педагог
2022-2023	10	6	6	1
2023-2024	9	6	6	1
2024-2025	9	4	7	3

білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және денетәрбиесінің іске асыруына қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметін әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2022-2023, 2023-2024,

2024-2025

оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Қалыптасқан негізгі құзыреттері бар тұрақты физикалық рухани сау шығармашылық тұлғаны қалыптастыру қоғамда өзін-өзі анықтауға қабілетті ақпараттық қоғамдастыққа кіруге дайын. 2022 – 2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Қалыптасқан негізгі құзыреттері бар тұрақты физикалық рухани сау шығармашылық тұлғаны қалыптастыру қоғамда өзін-өзі анықтауға қабілетті ақпараттық қоғамдастыққа кіруге дайын». «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес

жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізге 8 бағыты бойынша жүзеге асырылған. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында мектептегі тәрбие жұмысы қазақ халқының ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтарына негізделген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жүзеге асырылды, оның мақсаты «Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы азамат тәрбиелеу, озық әлемдік білімді меңгерген». Тәрбие процесі ұлттық құндылықтарға сәйкес жүргізіледі: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР- ҰЯТ, ТАЛАП.

«Мектептің өзін-өзі басқаруы»-жобасы бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Мектеп парламентінің мүшелері қазақ тілін, мақал-мәтелдерін білуге арналған «Анатілі-қазына» ісшарасын өткізді. Мектеп парламентінің «Мейірім» фракциясы қарттар күніне орай мерекелік құттықтаулар дайындады, Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік мен үшін» челленджіне орай бейнероликтер түсіріліп, «Мектеп өмірінен біркүн», «Тәртіп сенен басталады» атты челлендж клубымен бірлесіп, «Қарттарым- асыл қазынам» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта» челлендж ұйымдастырды. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту Министрлігінің Республикалық өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында қазақ күні мектебімізде «Дублер күні» өткізілді. Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаз! Сізге алғысым шексіз...» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Дублер күні 1 кезеңді қамтып, 1-кезең мектебімізде бастамашыл топ құрылып, сынып сағаттарын, сынып жетекшілерді тағайындау және оқушылармен қауіпсіздік жұмысын, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар «Оян, ар мен адалдық» тақырыбында 1-11 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға ар мен адалдық сезімдерін ұғындыру. қатар «Менің сүйікті мектебім», «Менің саяхатым, «Мектепте алғашқы қадам», «Менің үлкен сыныптастарым» және «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы ұйымдастырылып, әлеуметтік парақшаға #Bilim_quni хэштегі арқылы белгіленіп, салынды. 5-қыркүйек ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы және Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай «Тіл-болашақ ұрпақтың бойтұмары» атты онкүндік ұйымдастырылды. Жаңа оқу жылы қарсаңында көркем әдебиеттер және оқулықтармен толықты. «Кітап –білімнің түпсіз аспаны, терең бастауы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Балалар және театр», «Ұлттық мектеп лигасы» жобалары бойынша жұмыстар жүргізілді. «Ұлттық Мектеп лигасы» – жасталанттарды табуға мүмкіндік беретін спорттық жарыстар, мектеп спортындағы ерекше жоба. Спорттық іс-шараның негізгі мақсаты – балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту және насихаттаумен қатар, оқушылардың рухани қайрат – жігерін шыңдап, патриотизмге тәрбиелеу. Жарысқа мектептердің 8-9 сынып оқушылары қатысты. Колледж арасынан I орын алып, жеңімпаз оқушылар марапатталды. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, күмбірлеген күй, мыңбұралған бишілер би орындап, бір қатар ұстаздар марапатталған.

«Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларды баға қойып, білімдерін бағалаған. Мектеп алды даярлық топтарымен бастауыш сынып білім алушыларына арналған жаңа жылдық мертеңгілік ұйымдастырып, тәтті сыйлықтарды дайындады. Алғысайту күні қарсаңында халықтың жалпы ұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында «Мың алғыс» челленджіне қатысты. Мектеп Парламенті «Құстарға көмек» акция ұйымдастырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе отырып, олар оқушыларды ғана емес, ата-аналары да құстарды сақтау мәселесіне шақыра алды. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған, үйірме жұмыс жасады. Үйірмеге 10-11 сынып оқушыларынан құрылған 10 қатысушы тізімі құрылды. Жоспарға сәйкес оқушыларға жалпы дебат ұғымын, оның түрлері, оқушыларға беретін артықшылықтары мен тигізер пайдасы қандай екені туралы айтылды.

2022-2023 оқу жылында 2022 жылдың 19 қараша күні мектепшілік «Телефонның пайдасы мен зияны» атты 8 «А» сынып оқушыларының арасында дебаттық турнир өтті. Республика күніне байланысты мектебіміздің «Ұшқырой» алаңы дебат клубы «Тұғыры биік-

Тәуелсіз Қазақстан!» атты пікірсайыс турнирін өткізді. Сәуір айында 7-8 сынып арасында пікірсайыс турнирі өтті, 3 мәселе: «Мектепті 9 бітіріп немесе 11 класс бітіріп кеткен дұрыс па?», «Кітап, газет, журнал жазбаларын қазіргі цифрлық аудио, видео, мультсериалдарға алмастыру қаншалықты тиімді?», «Ұл мен қыз арасында достық бола ма?» бойынша тақырыптар қозғалды. 2023-2024 оқу жылында Республика күні мерекесіне орай Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясының ұйымдастыруымен өткізілген «Мәңгілік жаса, қыран елім, Қазақстаным!» атты қалалық пікірсайыс турнирінде үздік нәтиже көрсетіп, Шорынғаие болды. Турнирге қатысқан оқушылар Орынбасарова Ақтолқын және Байтүре Индира желтоқсан айында «Eco-madeniet» ұжымының ұйымдастыруымен өткен «Eco-debate» пікірсайысына белсенді қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» оқуалаңы, буккросинг-кітапалмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. 2022-2023 оқу жылы бойынша мектепшілік «Мектеппен бірге оқимыз!» акциясы ұйымдастырылды. 8-11 класс оқушылары «Сыныппен бірге оқимыз» челленджін ұйымдастырды. Абайдың туғанына 180 жылдығына бірлесе отырып, №9 селолық модельдік кітапханамен бірлесе отырып, «Абай мұрасы-халық қазынасы» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Білім алушылар №9 селолық модельдік кітапханасының ұйымдастыруымен қазақтың көрнекті жазушысы Қажығали Мұқанбетқали ұлының 80 жылдық мерейтойына орай «Талант табиғаты тегінен» атты ақпарат сағатына қатысты. 1-2 сынып оқушылары үшін «Әжемнің ертегілері» айдарында челлендж ұйымдастырылды. «Отбасымен бірге кітап оқимыз» атты акцияға отбасындағы кітап оқуды дәстүрге айналдырып, челленджге қатысты. №9 селолық модельдік кітапханасында өткен «Кітапты жылдам және тиімді оқу» бойынша шеберлік сағатына мектебіміздің 7 сынып оқырмандары атсалысты. 2023-2024 оқу жылы бойынша ақын, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 толуына орай 8 сынып оқушылары

№9 селолық модельдік кітапханасында «Оралхан Бөкей-төр Алтайдың асылы» атты шараға қатысты. 5-сынып оқушылары №9 селолық модельдік кітапханасында өткізілген «Кітап және автор» викторинасына қатысты, М.Жұмабаевтың 130 жылдығына орай

«Заманның заңғар тұлғасы» атты өлеңдер байқауына қатысқан 8-9 сынып оқушылары «Үздік поэзия» номинация бойынша марапатталды. «Оқуға құштар мектеп» республикалық жобасы аясында мектепшілік бастауыш сынып тарауында «Читающая мама-читающая семья», «Одна семья-одна книга», «Әжемнің ертегілері» айдарында бейнебаян акциясы ұйымдастырылды. Акцияға бастауыш сынып оқушылары белсене қатысты. «Мен оқыған кітап» айдарында да оқырмандар оқыған кітап мазмұнымен бөлісіп отырды. «Оқуға құштар мектеп» челлендж аясында «Кітаппен дос болайық» акциясын аясында «сүйікті кітабым» кітаптар көрмесі жасақталып, 3-сынып оқушылары «Қызыл телпек» ертегісін 1-сынып оқушыларына қойылым ретінде таныстырды. Білім алушыларымен мұғалімдер алғыс айту күніне орай кітапханаға кітаптар сыйлады. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында дәстүрлі «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды, білім алушылар өздерінің оқыған кітаптарымен бір-бірімен алмасты. Сыныптарда «Оқуға құштар мектеп» бұрышы жабдықталып, үзіліс кезінде кітап оқу сағаттары ұйымдастырылған. Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай «Абай даналығы-халық мұрасы» тақырыбындағы челленджі Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп гимназиясынан қабылдап, Сазды орта мектеп жолдады.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «Ата-аналар мектебі» жобасы бойынша «Отбасы-бақыт мекені», «Ата-анаңа қоңырау шал», «Анам және мен», «Рақмет саған, анашым!» тақырыбында челлендж, «Менің отбасым» фото сурет байқау, сурет салу байқауы, «Әкем, анам және мен», «Толағай» эстафеталары және «Отбасы-бақыт мекені», «Отбасыммен бірге өткізген күнім», «Әкеге-ізет, анаға-құрмет», сынып сағаттар, «Аналар күні» мен «Халықаралық отбасы күні» қарсаңында «Менің анам», «Менің отбасым» атты шығарма жазу, «Қыз бала тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» ата-аналар жиналысы, «Жасөспірімдер арасындағы жүктіліктің алдыналу» тақырыбында дәрігер мамандармен кездесу, «Отбасындағы толерантты міне-құлықты қалыптастыру» атты дөңгелек үстел, «Бала құқықтарын құрметтеу және оның тәрбиесіне жауапкершілік» тақырыбында аналар кеңесінің отырысы, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесімен таныстыру және осы мәселенің қиындығын терең түсіндіру мақсатында «Сырғалым» қыз балалар клубы мен «Аналар мектебі» өкілдерімен кездесу, «Екі

жұлдыз», «Сағындырған әндер-ай» атты әнбайқауы, «Әкелер мектебі» ұйымдастыруымен волейболдан жарыстар, «Темекішегудің, ішімдіктің, нашақорлықтың зияны» тақырыбында әкелерімен кездесу, «Тәртіпке бас иген құл болмайды» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Менің әкем-ең жақсы адам» фото суреттер, «Отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы балаларды тәрбиелеудегі басымдық ретінде», «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Буллинг, кибербуллинг», «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «ҰБТ және түлек» тақырыбында ата-аналар жиналысы, «Ашыкесік» күні, «Отбасы-тәрбие» бағытында сынып сағаттары өткізілген. 1-4, 5-9, 10-11 сынып ата-аналарымен жоспарланған отырыстары өткізілді. Ата-аналардың жағымды мәдениетін дамыту мақсатында «Даналық мектебі» өз жұмысын бастады. «Аналар» мектебі кезекті отырысында облыстық соттың медиаторы Әбділдаева Бейбігүл Әбдішүкірқызы «Геолог» МҰ халық әні хорының қатысушысы, Алматы ауданы аналар клубының төрағасы Қалдыбаева Айгүл Үсенбайқызымен кездесу ұйымдастырылды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары және мектеп медбикесі Сагиева Лена Жолмурзаевнаның қатысуымен 7-10 сынып қыздар аралығында «Ерте жүктіліктің алдын алу» атты қыздар жиналысы өткізілді. «Даналық мектеп» жобасы аясында ұлттық құндылықтарға негізделген 7-11 сыныптардан құрылған «Сырғалым» қыз алалар клубына «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тақырыбында танымдық кеш өтті. Танымдық кешке өз үлесін қосқан Қазақстанның ең үздік әйелі орденінің иегері, облыстық сотта медиатор, педагог – Әбділдаева Бибигүл Әбдішүкірқызы және Геолог мәдениет үйінің жанынан құрылған «Шолпы» қыз балалар клубының жетекшісі Ақжігітова Бибигүл Жақсыбайқызы қатысып, қыз балалардың сұрақтарына жауап беріп, өз ризашылықтарын білдірді. Астана қаласында өткен «Ұлттық қолөнер-тәрбиенің көзі» атты республикалық шығармашылық фестиваліне мектебіміздің үздік оқушысы Шонайбай Шұғыла қатысы, ерекше дарынды қабілетімен көзге түсіп, үздік туындысы үшін Дипломмен, естелік кубогі және алғыс хатпен марапатталды.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Мамандар әлемінде», «Мамандықтар жәрмеңкесі», «Мамандықтаңдау ерекшелігі», «Өсімдіктарихы», «Табиғатқа қалай көмек көрсетеміз», «Мен болашақта кім болғым келеді...», «Экологиялық мәселерді шешу жолдары» тақырыбында сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. «Мамандықтар әлемі», «Мұндай да мамандық бар», «Менің отбасымдағы мамандықтар», «Өмірлік жетістікке жету жолы», «Менің кәсіптік мансабым», «Менің таңдауым», «Мамандықтаңдау-жауапты қадам», «Барлық мамандық жақсы-таңдау өзінде», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді», «Мамандық таңдау-маңызды шешім», «Кемел ұстаздың дара жолы», «Болашаққа бағдаршам», «Кәсіби бағдар беру», «Мамандығым-мақтанышым», «Мамандық таңдау-маңызды іс», тақырыптарында сынып сағаттары өткізіліп, білім алушыларға ақпараттар берілді. жауапкершілік» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына арналған тәрбие сағаттары өткізілді. III. Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары аграрлық-техникалық колледжі базасында «JUNIOR SKILLS -2025» атты облыстық кәсіби шеберлік байқауы өтті. Байқау «Жұмысшы мамандықтар» жылына орай ұйымдастырылған. Мектебіміздің білім алушылары жұмысшы мамандықтар жылына орай мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді өткізу, құзыреттілік бойынша таңдау жасап, болашақ мамандықтарына қадам жасау мақсатында ұйымдастырылған «Skills camp» кәсіптік лагері ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары «Механика», «Аспаз», «Флорист» құзыреттіліктері бойынша білімдерін жетілдірді.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «Таза табиғат», «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы, «Құстарға ұя жасау» акциясы, «Жасыл мекен» челленджі, «Күз ханзадасымен ханшайымы» сайысы, «Әлемді қалай сақтаймыз?», «Қызыл кітап – дабыл белгісі», «Табиғатты сақтау-өмірді сақтау», «Табиғаттағы құстардың рөлі», «Құстардың табиғаттағы рөлі», «Табиғатты аяла», «Экологиялық мәселелердің түрлері», «Экологиялық кәсіптік бағдарлау», «Туған табиғаттың түстерімен дыбыстарындағы жылмезгілдері», «Экология-өмірдің жүрегі!», «Экология және біз», «Біз көппіз-Жер бірі!» тақырыптарында экологиялық білім беру сағаттары сынып сабақтары өткізілген. Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы қамқорлық біздің мектептің педагогикалық ұжымы қызметінің басым бағыты болып табылады. Класс жетекшілері сынып сағаттарын, сыныптан тыс іс-шараларды, сурет байқауларын өткізеді. «Біз зиянды әрекеттерге қарсымыз!», «Денсаулық және жаман әдеттер», «Зиянды

заттардықолданудыңалдыналу»тақырыбындасыныптантыссағаттарменісшараларөткізілді.

Мамыр-маусым аралығында «Жасыл клуб» жобасы аясында 7 сынып оқушылары мектептің мектеп аумағына тазалық жұмыстарын жүргізіп, жерін қопсытып, көгалдандыру жұмыстарына ат салысты.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша 10 жоба«Ұлттық мектеп лигасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «9 айға-9 іс-шара», «Ұшқыр ой» алаңы, «Төрт тоқсан-төрт өнер», «Жеткіншектіңжеті жарғысы», «Балаларжәне театр», «Оқуғақұштар мектеп», «Ата-анамектебі» жобалары жүзеге асырылды. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» атты оқыту семинары өтті. Оқыту семинарда 2023-2024 оқу жылында тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері мен негізгі бағыттары бойынша мәселелер талқыланды. Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық-адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына, көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды дегендей, «Ар-ұят», «Талап», «Ұлттық мүдде» (Отан) құндылықтары негізіндежасалды. 1қыркүйек-«Білім күні»мерекесінеарналған «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өтті. Оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылындағы жаңалықтармен таныстырылды. Сонымен қатар «Менің сүйікті мектебім», «Менің саяхатым», «Мектепте алғашқы қадам», «Менің үлкен сыныптастарым» және «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы ұйымдастырылып,әлеуметтікпарақшаға#Bilim_qunіхэштегіарқылыбелгіленіп,салынды.5-қыркүйекүлтұстазыА.БайтұрсынұлыжәнеҚазақстанхалықтарыныңтілдеркүнінеорай«Тіл-болашақ ұрпақтың бойтұмары» атты онкүндік ұйымдастырылды.

Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер инспекторының қатысуымен үнемі профилактика Кеңесінің отырыстары өткізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары барысындаәлеуметтікпедагогтер,психологтармектепшілікбақылаудатұрғаноқушыларғада жекелей жұмыс көрсетті. Олардың сабаққа қатысуын қадағалап, бос уақыттарын ұйымдастырды.Құқықтық тәрбие бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушылардыңқауіпсіздікшараларыныңжәнеқұқықбұзушылықтыңалдыналуға«Қатыгездікзорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндіктері, «Бала құқы туралы конвенция», «Кішкентай баланың үлкен құқықтары», «Жасөспірім. Жауапкершілік. Құқықбұзушылық» бірыңғай сынып сағаттары өткізілген.«ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресуорталығы»,«АИТВ–инфекциясыныңалдыналу»тақырыбындамектепмедбикесі8-11 сыныпоқушыларыменкездесуұйымдастырды.КездесубарысындаоқушыларғаАИТВ/ЖИТС туралы шынайы ақпарат бере отырып, оларды қауіпсіз мінез – құлық дағдысына үйретіп, АИТВ-мен өмір сүруші адамның құқықтарына құрмет көрсету туралы айтып өтті. ОқушылардыАИТВ-ның алдын алу шаралары туралы білуге, өз денсаулықтарына жауапты болуға, салауатты өмір салтын ұстануға, психикалық денсаулығын сақтауға, зиянды әдеттерденаулақболуғашақырды.Соныменқатарқазіргітаңдағы өзектімәселелерқозғалып, түрлі сұрақтарға жауап алынып, ұсыныс пікірлер тыңдалды. Тыңдаушыларға 53 дана буклет таратылды. 8-11 сынып білім алушылары арасында «Құқықбұзушылықтың алдын-алу басты міндет» тақырыбында түсіндірме жұмыстары өткізілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Ақтөбе қаласы ПБ №4 ҚПБ бастығының орынбасары, полиция майоры А.Р.Темирбаевпен кездесу өтті. Жиналыс барысында мектеп ата – аналары мен 8-11 сынып оқушыларына түсіндіру жұмысы жүргізді. «Жалпы құқықтық білім беру» баяндамасын оқу барысында ауылда немесе мектеп ішінде құқық бұзушылық жасаған балалар есепке қойылғаннанкейінАПБқызметкерлерініңбақылауындаболатынынайтакеліп,қаладабүгінгі таңғадейінқаншатіркелгенәкімшілікпенқылмыстықістертуралымәліметайтып,осы бойынша қандай жұмыстар жүргізілгені мен қандай шаралар берілгені туралы мәлімдеді. Жалпы есепте тұрған қылмыстық іс және әкімшілік жазаға тартылған балалармен жұмыстар жүргізу, сабақтан тыс уақыттағы ата – аналардың міндеттері туралы да түсіндірді. Қалада жүйелітүрдетүнгірейдтержүргізіліп,өтілгенрейдбойыншамерзімдітүрдеесепжинақталып, түнде көшеде оқушылар ұсталған жағдайда балалар есепке алынып, ата – анасымен тікелей байланысжасап,ата–анаайыппұлтөлейтінітуралытүсіндірді.Бейнероликұсынып,соңында оқушыларды жақсы оқып, үйдегі ата-аналарының балаларынан үлкен үміт артып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар қазіргі таңдағы ең көп орын алып жүрген қылмыстың бірі буллинг

пен кибербуллинг туралы оқушыларға түсіндіріп өтті. Түсіндіру жұмысы барысында А.Р.Темирбаев зорлық-зомбылыққа және синтетикалық есірткіге байланысты түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, адам денсаулығына зиян туралы жете түсіндіріп, синтетикалық есірткімен ұсталған жасөспірімдерге қолданылатын жаза түрлеріне тоқтатылды. Сонымен қатар бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі- балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне (зорлық-зомбылық, ақшатаалап ету, қорқыту) жол бермеу керек екендігін айтып өтті. Мектеп инспекторы, аға лейтенант Ж.Г.Туменбаев түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерін денемесетұрғын жайдан тыс жерде болуы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кездесуде қатысушылар өз салалары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізе, білім алушыларды салауатты өмір салтын ұстануға және спортпен шұғылдануға шақырды. Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылық мәселесі қазіргі кезде тек құқық қорғау органдарын толғандыратын мәселе емес, бүкіл халқымызды толғандыратын мәселе. «Тәуекел тобындағы» оқушыларды есепке алудың алу бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Оқушылар мектепшілік мәдени шараларға белсене қатысып, қосымша үйірмелермен қамтылған. Қарғалы қалалық ауруханасының салауатты өмір салтын қалыптастыру дәрігерлері А.Ә.Кульманова «Шылым шегудің денсаулыққа әсері» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы өршіп тұрған қылмыс түрлеріне тоқталып, оқушыларға құқықбұзушылықтан сақ болуды ескертті. Сонымен қатар кездесу барысында білім алушылардың сұрақтарына жауап берді. «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік акциясының жоспарына сәйкес 8-11 оқушылары «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында әссе жазды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында үзіліс кезінде «Буллинг деген не?» тақырыбында білім алушылардан сұхбат алынды. Зорлық – зомбылықсыз 16 күн» акция аясында 7 «ә», 7 «а» сынып оқушыларына «Бір мектеп. Бір оқиға тарихы» атты телехикаясы көрсетілді. 10 «а» сынып оқушыларына «Қорқыт» көркем фильмі көрсетіліп, жадына малаз таратылды. «Құқық бұзушылықты алдын алу – қоғамдағы қылмыстың алдын алу аса маңызды аспектісі болып табылады. Сонымен қатар 9-11 сынып ер балалар жиналысы өткізілді. Мектебімізде 9-10 сынып аралығында оқушыларына құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында №4 ҚПБ ЖПҚБ УПИ аға инспекторы, полиция аға лейтенанты А.А. Амин және полиция инспекторы А.М. Адаев кәмелетке толмағандар арасындағы жауапкершілік және құқықбұзушылықтың салдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 7-10 сынып аралығында «Наша қорлық пен құмар ойындардың зардабы» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына арналған тәрбие сағаттары өткізілді. Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында «Тәрбие лагері», «Закладка» фильм 8-11 сынып аралығында оқушыларға ұйымдасытыры көрсетілді. «Ұлттық ойындар», «Ұлттық қолөнер-ұлы мұра», «Қазақтың салт-дәстүрлері», сынып сағаттары, ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында «Ұлттық тағамдар», «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыптарында сынып сағаттары, «Кестетігу өнері», «Кестедегі ой-өрнек» тақырыптарында шебер-класстар, «Тұрмыс-тіршілікке байланысты салт-дәстүрлер», «Ою-өрнектер», «Ұлттық киімдер», «Ұлттық мерекелер мен дәстүрлер» тақырыптарында сынып сағаттары, «Boursak party» челленджі, «Domdyraparty» челленджі, «Asyq party» челленджі, «Dastur» челленджі, ұлттық тағамдар дайындау челленджі ұйымдастырылған. Сонымен қатар 9-11 сынып білім алушыларына «Діни сауаттылық-қоғам қауіпсіздігі» тақырыбында «Ақтөбе қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы» КММ теолог маманы, дінтанушы Орынбай Мәди Орынбайұлымен кездесу өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасы бойынша жұмыстар жүргізілді. Жобаның басты мақсаты-балаларды ұлттық мерекелер, халықтық әдет-ғұрыптар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу, балалардың адамгершіліктәжірибе жинақтауы, халықтың рухани игілігін мұра ету, тұлғааралық және ұлтаралық қатынастар мәдениетіне қол жеткізу.

Жобаның төрт бағыты бойынша жүзеге асырылуда:

I – «Ақындарайтысы» поэтикалық сайысы

II – «Алтынсақа» олимпиадасы

III –«Ұлттықөнер»көрмесі

IV –«Туғанөлкем»фестивалі

Ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, эмоционалды интеллекті қалыптастыру, айтысы қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнердің баға жетпес мұрасы ретінде дәріптеу арқылы дарынды шығармашыл жастарды анықтау мақсатында «Жаңа күн-жаңа Қазақстан»атты мектепшілік 2-11 класс оқушылары арасында жас ерекшелігін ескере отырып, жас ақындар айтысы ұйымдастырылды. 1-4 сыныптарда «Асық ату» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Асық ойыны туралы түсініктерін кеңейту. Ойынды ережесі бойынша ойнату. Оқушылардың ой-өрісін, ептілік, мергендік, шапшаңдық қасиеттерін дамыту. Оқушыларды ұлттық ойындарға қызықтыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында өтті. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу ел тарихына маңыздылығы мен қатыстылығын арттыру, отансүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мәдени мұраны сақтау мақсатында ісшара жұмыстары өткізілді. Білім алушыларды ұлттық өнерді халық шығармашылығы мен қолөнерді дамыту және дамыту бойынша шығармашылық қызметтің әртүрлеріне тарту мақсатында «Ұлттық өнер ұрпаққа мұра» тақырыбында көрме өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде «Тоғыз айға тоғыз ісшара» ұлттық мәдениет ағартушылық жобасы бойынша жұмыстар жүргізілді. «Тоғыз айға 9 ісшара» жоспары

- қыркүйек Сергітүсеті
- қазан Әнұран айту
- қараша Асықату
- желтоқсан Шығарма жазу: болашаққа хат
- қаңтар Қазақ есебі
- ақпан Оқуға құштар мектеп
- наурыз Домбырашылар
- сәуір Шахматойнау
- мамыр Жасыл мекен

Мектеп оқушылар арасында “Дене сергіту” челленджі ұйымдастырылды. Челлендждің мақсаты – балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

Мемлекеттік гимн – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Гимннің Ұлттық ерекше аспектісі бар. Гимн арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жырланады. Қазан айында «Гимнайтұ» челленджі орындалды. Мектеп оқушылары бір уақытта республикамыздың мемлекеттік гимнін шырқады. Шынында да, мемлекеттің рәміздің әр элементін дөңсестіре білуіміз қажет. Барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар сөздерді жақсы білуі және Гимнді айта білуі қажет.

“Асық ату” челленджі өтті. Оқушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін және елдің мәдени мұрасын сақтауға, ұлттық ойындарды насихаттауға бағытталды. Ұлттық ойындардың бірі – асық ойыны баланың ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады.

«Болашаққа хат» шығарма жазу челленджі бойынша лирикалық ойлау қабілеттерін, өмірге деген көзқарасын дамыту, білімін өз ойымен, дүниетанымымен көзқарасымен еркін ұштастыра білу мақсатында 7-8 сынып оқушылары эссе жазды. Челлендж оқушылардың эссе жазуға бағытталғанын, осылайша жазу арқылы өз ойын білдіру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. «Тәуелсіз Қазақстандағы жетістіктерім», «Менің болашағым», «Менің елім үшін болашағым» және т. б. тақырыптарға жазу ұсынылады.

«Қазақ есебі» челленджі ұйымдастырылды. Математикалық есептер шығару білім алушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, логикасын, зейінін жаттықтыруға ықпал етеді. Математикалық есептерді шешу білім алушыларды ойлануға, модельдеуге, болжауға және нақты мысалдарды дәлелдеуге негіз болады, бұл күнделікті өмірде ең қарапайым және күрделі мәселелерде оң шешім қабылдауына әсер етеді. «Қазақ есебі»

челленджі ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадилдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін шешуге арналды.

«Оқуға құштар мектеп» челленджі отандық және әлемдік озық шығармаларды насихаттауға, білімалушылардың кітапоқуақызығушылығын, оқусауаттылығын арттыруға, оқыған кітабын жалпылау және талдау қабілеттерін дамыту негізіндешығармашалық қиялын қалыптастыруға, кітап оқуға құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар челлендж білімалушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға негіз болады. «Тоғызайға 9 іс-

шара» тұжырымдамасын іске асыру бойынша оқушылардың кітап оқуға шақыру арқылы оқу белсенділіктерін арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы «Менің сүйікті кітабым» республикалық челлендж ұйымдастырылды. Челленджге мектеп педагогтері мен оқушылары қатысты

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен «Күй күмбірі» атты домбырашылар челленджі өтті. Челлендж білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, балалардың домбырада орындау өнерін насихаттау мақсатында өтті. Іс-шарада халық күйі «Тепеңкөк», Құрманғазының күйі «Балбырауын» және Әбдімомын Желдібаевтың күйі «Ерке сылқым» шығармалары орындалды.

«Шахмат ойнау» челленджі өткізілді. Шахмат – көне тарихы бар зияткерлік ойын. Қазір – ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Шахмат үйірмелері жүргізіліп, қазіргі таңда республикалық, қалалық шахмат жарыстары, шахмат олимпиадалары жоғары деңгейде ұйымдастырылып, нәтижесінде білім алушылар жоғары жетістіктерге жетуде.

Бір мезгілде «Жасыл мекен» республикалық челленджі болып өтті. Экологиялық акцияға мектеп директоры, мұғалімдер мен оқушылар қатысты. Іс-шараның негізгі мақсаты: экологиялық мәдениетті, өлке табиғаты мен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды, еңбекқорлықты, қоршаған ортаны көгалдандыруды дамытуға бағытталған. «Жасыл мекен» челленджі білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті дарытуға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, қоршаған ортаға ғана емес, адамдарға да генқамқорлық сезімін дамытуға бағытталған. Көшеттер отырғызу «мұғалім – білім алушы – ата-ана» үштігінің қарым-қатынасын нығайтуға көмектеседі.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында Ақтөбе облысы білім басқармасының №2/4423 хатының негізінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасымен 2023-2024 оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылды. Осы бағдарлама аясында Пригород орта мектебінде ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру мақсатында «Ата-аналардың педагогикалық қолдау» орталығы құрылып, жұмыс жасады. Осыған орай жұмысты жүйелі ұйымдастыру үшін мектеп директоры Умирзакова Ш.К. жауапты адамдарды тағайындап, жоспар құрылды. Жоспарға сай ай сайын ата-аналарға арналған сабақтар болып, бәріде жоғары деңгейде өтті. Осы мақсатта бастауыш буын, орта буын және жоғарғы буын бойынша бағдарламада берілген сабақтар өткізілді. Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтыды. Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізілді.

Жоспарға сәйкес қараша айынан бастап бастауыш буын бойынша 8 сабақ берілген, бәрі жоспарға сай өтті. Бастауыш буын жетекшісі Дадина Б.М. болды. Әр сабаққа тағайындалған модераторлар тиянақты дайындалды, сабақтар жоғары деңгейде өтті. Бастауыш сынып ата-аналары сабаққа қатысуда белсенділік көрсетті. Әр сыныптан 5 ата-анадан келіп, бала тәрбиесіне байланысты көптеген ақпараттар алып, қызығушылықтарын танытты.

Орта буын бойынша ұсынылған 8 сабақ толығымен, уақытында жоспар бойынша өткізілді. Модераторлар сабаққа тыңғылықты дайындалды және қызықты өткізді. Орта буын ата-аналары бастапқы кезеңде белсенді қатысты. Бала тәрбиелеуде оң нәтиже беретін әртүрлі әдіс-тәсілдермен танысты. Жоғарғы буын бойынша бағдарламада берілген сабақтар жоспарға сай өтті. Өткізілген сабақтарға ата-аналар келіп қатысты. Бала тәрбиесіне байланысты жаңаша әдіс-тәсілдер туралы ақпараттармен танысты. Жалпы жыл бойы өткізілген сабақтарға ата-аналар жақсы қатысты және ұнады. Әрбір сабаққа келген сайын таңқалыстарын жасырмады, өткізген модераторлардың шеберліктеріне тәнті болды. Ұстаздарға өз ризашылықтарын білдірді. Сабақтарда модераторлар әртүрлі әдіс-тәсілдерді (семинар-практикумдер,

тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар және т.б.), оның ішінде цифрлық ресурстарды қолдана отырып, офлайн режимде өткізді. Бағдарлама бойынша өткізілген бастауыш буын, орта буын және жоғарғы буын сабақтарының барлығына қатысқан мектеп психологтары Сисенгалиева Б.М. мен Ольто М.Г. еңбектерінен ерекше атап өтуге болады. Олар жыл бойы психологиялық тұрғыда модераторларға көп көмектерін тигізді. Әр сабақтың

басталуында ата-аналарды тақырыпқа сай көңіл-күйлерін реттеу мақсатында дайындық жұмыстарын жүргізіп, сабақ соңында кері байланыс орнатты. Сонымен қатар орта буын бойынша 7-інші сабақты толығымен мектеп психологтары өткізді. Сабақтар ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған.

Осы бағдарлама аясында Пригород орта мектебінде 2024-2025 оқу жылында ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламаға бойынша өз жұмысын әрі қарай жалғастырды. Осыған орай жұмысты жүйелі ұйымдастыру үшін мектеп директоры Умирзакова Шолпан Кушербаевнаның және директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ақтоты Болатбекқызы қатысуымен жаңа оқу жылына жоспар құрылып модераторлар тағайындалды. Жоспарға сай ай сайын ата-аналарға арналған сабақтар болып, бәрі де жоғары деңгейде өтті. Жоспарға сәйкес қыркүйек – сәуір айлары аралығында бастауыш буын бойынша берілген 8 сабақ жоспарға сай өтті. Бастауыш буын жетекшісі-Жылқышиева Алия Тұрғанбаевна өз жұмысына жауапкершілікпен қарады. Әр сабаққа тағайындалған модераторлар тиянақты дайындалды, сабақтар жоғары деңгейде өтті. Орта буын бойынша ұсынылған 8 сабақ толығымен, уақытында жоспар бойынша қыркүйек – сәуір айлары аралығында өткізілді. Жетекшісі-Батыр Арай Көпбергенқызы жауапкершілікпен өз жұмысын тиянақты орындады. Жоғары буын бойынша сабақтар қазан айынан бастап өткізілді. Жетекшісі Дзюба Галина Александровна. Бағдарламада берілген 8 сабақтың барлығы жоспарға сай өтті. Сабақтар ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Нәтижесінде қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін білді, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгерді, бір-бірін тыңдау және есту қабілеті дамыды, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарай бастады. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын ұйымдастыруда және сабақтарды өткізуде мектеп әкімшілігі тарапынан қолдау көрсетіліп, ақыл-кеңестерін және көмектерін аямады.

Қорыта келе, осы атқарылған жұмыстар жақсы нәтиже беріп, мектеп - мұғалім - ата-ана арасындағы қарым-қатынас одан әрі нығая түседі деп сенемін.

Білім алушылардың шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағыттарында тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте азаматтық-патриоттық, ұлттық-спорттық, көркемдік-эстетикалық үйірмелер жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын білім алушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны	%
2022-2023	198	44,3%	215	48%
2023-2024	211	45%	324	69%
2024-2025	364	55%	340	72%

2022-2023 оқу жылы Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбекақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы 191 бұйрығы (3 тарау, үстемақыларды, қосымша төлемдер мен үстемақыларды есептеу тәртібі білім беру ұйымдарының қызметкерлері үшін), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы 1193 қаулысы «Азаматтық қызметшілерге, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде еңбекақы төлеу жүйесі туралы», Қазақстан республикасы 2018 жылғы 7 ақпандағы 42 қаулысы «Жарлыққа өзгерістер енгізу туралы» негізінде 2022-2023 оқу жылында дене шынықтыру мұғалімдеріне мектептен тыс спорттық іс-шараларға өткізу үшін БДО 100/% көлемінде тарифтелінді.

- 1.1 «Волейбол»-А.Е.Айдар
- 1.2 «Баскетбол»-Н.П.Карпова
- 1.3 «Шағын футбол»-Б.М.Таскенов
- 1.4 «Жеңіл атлетика»-А.Б.Хорлин
- 1.5 «Шахмат»-А.М.Дадина

2023-2024 оқу жылы бойынша спорттық секциялар «Волейбол», «Баскетбол», «Шағын футбол», «Шахмат», «Жеңіл атлетика» және үйірмелер «Хор», «Вокал», «Домбыра» ақысыз түрде ұйымдастырылды. Сонымен бірге «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шығармашылық академиясы» МКҚК бірлесе «Таэквондо», «Тұмар» сәндік-қолданбалы өнер студиясы үйірмелері жұмыс жасайды.

2024-2025 оқу жылы бойынша спорттық секциялар «Волейбол», «Баскетбол», «Шағын футбол», «Шахмат», «Жеңіл атлетика» және үйірмелер «Хор», «Вокал», «Домбыра» ақысыз түрде ұйымдастырылды. Сонымен бірге «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шығармашылық академиясы» МКҚК бірлесе «Таэквондо» үйірмелері жұмыс жасайды. 2021-2022 оқу жылы мектеп жанынан балалар алаңы ұйымдастырылды. 2023-2024 оқу жылы мектеп жанындағы «Күншуақ» барлығы-127 оқушы қатысты. 5 отрядқа бөліп, 2 топ жетекшілері тағайындалды. 2024-2025 оқу жылы мектеп жанындағы «Күншуақ» жазғы алаңына 150 білім алушылар қатысты. 5 отрядқа топ бөлініп, 7 топ жетекшілер тағайындалды. А.К.Батыр жазғы алаңның жетекшісі болып тағайындалды. Балалардың әрбір күнін көңілді өткізуін әр аптаға жоспарлады. «Күншуақ» жазғы алаңы өз жұмысын маусымның екісі күні «Балаларды қорғау күніне» орай мерекелік шарадан бастады.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

Зерделеу нәтижесі бойынша: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10-11-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағытты таңдаған.

Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған.

2022-2023 оқу жылында ҚРБҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» (ҚР ОА министрінің 12.08.2022 жылғы №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1,2 қосымша 1-4 кластар үшін; 6,7 қосымша 5-6 кластар үшін; 8,6,88-қосымша 10-11 кластар үшін оқу жүктемеімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленді.

10А, 10Б сыныптардағы вариативті компонент 2 сағаттық ұрады және бөлінді:

1. «Жаһандық құзыреттілік» бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатия мен ынтымақтастық қабілетін, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуге ықпал етеді.

2. «Физиканың негізгі заңдарына есептер шығару» бұл курстың бағдарламасы физиканың негізгі ұғымдарына есептерді шешуге, формулаларды тұжырымдауға, ақыл-ой және аналитикалық есептерді дамытуға арналған.

11А, 11Б сыныптардағы вариативті компонент 2 сағаттық ұрады және бөлінді:

1. «Жаһандық құзыреттілік» бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатия мен ынтымақтастық қабілетін, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуге ықпал етеді.

2. «Физиканың негізгі заңдарына есептер шығару» бұл курстың бағдарламасы физиканың негізгі ұғымдарына есептерді шешуге, формулаларды тұжырымдауға, ақыл-ой және аналитикалық есептерді дамытуға арналған.

2023-2024 оқу жылында

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекітуді туралы» (ҚРОА министрінің 18.08.2023 жылғы №364 бұйрығы, ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығы) енгізілген өзгерістермен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленді.

10А, 11А сыныптардағы вариативті компонент 3 сағатты құрады және бөлінді:

1. «Жаһандық құзыреттілік» бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатия мен ынтымақтастық қабілетін, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуге ықпал етеді.

2. «Физиканың негізгі ұғымдарына есептер шығару» курстың бағдарламасы физиканың негізгі ұғымдарына есептерді шешуге, формулаларды тұжырымдауға, ақыл-ой және аналитикалық есептерді дамытуға арналған.

3. «Эссе жазудың әдістемесі мен практикасы» бұл курстың бағдарламасы оқушыларды эссенің әртүрлі түрлерімен таныстырады, эссе құрастыру, әдебиетті пайдалану жолдарын көрсетеді.

10Б, 11Б сыныптардағы вариативті компонент 2 сағатты құрады және бөлінді:

1. «Жаһандық құзыреттілік» бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатия мен ынтымақтастық қабілетін, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуге ықпал етеді.

2. «Теория и практика написания эссе», бұл курстың бағдарламасы оқушыларды эссенің әртүрлі түрлерімен таныстырады, эссе құрастыру, әдебиетті пайдалану жолдарын көрсетеді.

2024-2025 оқу жылында

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекітуді туралы» (ҚРОА министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығы 86,88-қосымшалары) негізінде енгізілген педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленді.

10А, 11А сыныптардағы вариативті компонент 3 сағатты құрады және бөлінді:

1. «Жаһандық құзыреттілік» бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатия мен ынтымақтастық қабілетін, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуге ықпал етеді.

4. «Физиканың негізгі ұғымдарына есептер шығару» курстың бағдарламасы физиканың негізгі ұғымдарына есептерді шешуге, формулаларды тұжырымдауға, ақыл-ой және аналитикалық есептерді дамытуға арналған.

5. «Эссе жазудың әдістемесі мен практикасы» бұл курстың бағдарламасы оқушыларды эссенің әртүрлі түрлерімен таныстырады, эссе құрастыру, әдебиетті пайдалану жолдарын көрсетеді.

10Б, 11Б сыныптардағы вариативті компонент 2 сағатты құрады және бөлінді:

3. «Жаһандық құзыреттілік» бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатия мен ынтымақтастық қабілетін, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуге ықпал етеді.

4. «Теория и практика написания эссе», бұл курстың бағдарламасы оқушыларды эссенің әртүрлі түрлерімен таныстырады, эссе құрастыру, әдебиетті пайдалану жолдарын көрсетеді.

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерімен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәлімет

Оқу жылдары	Үйде жетектегі оқытылған оқушылар саны			Инклюзивті оқытылған оқушылар саны			Барлығы
	1-4 кл	5-9 кл	10-11 кл	0-4 кл	5-9 кл	10-11 кл	

2022-2023	2	2	0	1	3	0	8
2023-2024	2	2	0	1	4	1	10
2024-2025	2	1	0	2	2	1	8

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламаларымен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру.

Үйден оқытуға балаларды қабылдауға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығына 3-қосымша «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы басшылыққа алынған.

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылына денсаулығына байланысты 4 білім алушы үйден оқытылған. Ол 7 «А» класс оқушысы Серік Нұрислам Біржанұлы дәрігерлік-консультациялық комиссиясының 2022 жылғы 02 қыркүйектегі №2591 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылып 07.09.2022 ж ата-анасының арызына сәйкес 07.09.2022 жылы мектеп бойынша №37 бұйрық шығарылды. 2022 жылдың 8 қыркүйектен бастап «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 55-қосымша» «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 55-қосымшасын» негізге алып «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) оқу жұмыс жоспарына» сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 7 «А» сыныбында 18 сағат бөлініп

жүктеме ретінде берілген. 4 «Б» класс оқушысы Астапкович София Сергеевна дәрігерлік-консультациялық комиссиясының 2022 жылғы 11 қарашадағы №3414 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылып 11.11.2022 ж ата-анасының арызына сәйкес 14.11.2022 жылы мектеп бойынша №106 бұйрық шығарылды. 2022 жылдың 14 қарашадан бастап «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 55-қосымша» «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 4-қосымшасын» негізге алып «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) оқу жұмыс жоспарына» сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 4 «Б» сыныбында 8 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген. 1 «Б» класс оқушысы Вандер Владимир дәрігерлік-консультациялық комиссиясының 2022 жылғы 29 қарашадағы №870 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылып 02.12.2022 ж ата-анасының арызына сәйкес 02.12.2022 жылы мектеп бойынша №123 бұйрық шығарылды. 2022 жылдың 02 желтоқсанның бастап «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 55-қосымша» «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 4-қосымшасын» негізге алып «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) оқу жұмыс жоспарына» сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 1 «Б» сыныбында 8 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

